

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

10. Гидрогеология СССР, т. XXXIV, Карагандинская область. М., изд-во «Недра», 1970.-91 с.

ӘӨЖ 821.512.122.09.01

КӨКШЕТАУ ӨңІРІНІҢ ОРОНИМДЕРІНІҢ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА БЕЙНЕЛЕНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Мадетхан Г, Егінбаева А.Е, Боксенова С.К
erke.1903@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы
Физикалық және экономикалық география кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекшісі – г.ғ.д., профессор Сапаров Қ.Т

Қазақстанда абсолютті деңгейі 200 метрден аспайтын ойпаттардан бастап, қазіргі заманғы мұздықтар таралған биік тауларға дейінгі жер бедерінің барлық дерлік биіктік деңгейлері кездеседі, биіктіктердің айырмасы 7127 метрді құрайды [1, Б136]. Жаратылысы, жасы, қалыптасуы жөнінен бір-бірінен өзгеше болып келетін орографиялық бірліктердегі жер бедері де алуан түрлі болады. Жер бедері типтері мен пішіндерінің әркелкілігі орографиялық терминологияның да мейлінше бай, жіктелген сипатта болуына алғышарт жасады. Е. Керімбаевтың мәліметтері бойынша, қазақ халқының орографиялық номенклатурасы 250-ге жуық лексикалық бірліктерді қамтиды [2, Б85].

Сарыарқаның батыс бөлігінде тегіс және ойысты жерлер көптеп, қалдық таулар мен шоқылар азырақ кездеседі. Онда ертедегі палеозойдың магмалық және шөгінді жыныстары тек биік жерлерде ғана көрініп жатады. Олар жазықтар мен ойыстарда палеоген дәуіріндегі көл және теңіз шөгінділерінің астында қалған. Бұл бөлік бедерінің қалыптасуына ұзаққа созылған үгілумен бірге бор және неоген дәуірлерінің шөгінділері әсер еткен. Мұндағы ірі ойыс –Теңіз-Қорғалжын қазаншұңқыры. Ол Сарыарқаның батыс бөлігін екіге бөліп жатады. Оның солтүстік- батысында-Көкшетау таулары орналасқан. Олар палеозойдың әктастары, кварциттері мен порфириттерінен түзілген. Олар ағын сулармен тілімделген. Таулар арасында табиғаты сұлу көлдерді көруге болады. Олардың жағалауы мен тау беткейінде қарағайлы ормандар өседі [2, Б231].

Көкшетау өңірі Сарыарқаның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ең биік нүктесі – Көкше шоқысы 947 м. Жерінің басым бөлігі – абсолюттік биіктігі 300-400 метрден аспайтын аласа белесті, ұсақ төбелі жазықты келеді. Солтүстігінде Көкшетау қыратының сілемдері – Сандықтау, Домбыралы, т.б. аласа таулар орналасқан. Өңірдің шығыс, батыс, орталық бөліктерін Есіл, Атбасар, Сілеті жазықтары алып жатыр. Оңтүстік-батысында Теңіз-Қорғалжын ойысы. Батыс жағында Есіл өзеніне дейін Торғай үстіртінің шығыс шеті еніп жатыр. Есіл өзенінің оң жағалауы Атбасар, сол жағалауы Теңіз жазықтарымен шектеседі. Өңірдің оңтүстік-шығысында орманды, табиғаты көркем Ерейментау өңірі орналасқан. Оның негізгі бөлігі жартасты қырқалар (100-150 м) тізбегінен тұрады. Аумақтың көп бөлігі қоңыржай белдеудің далалық ландшафт зонасына сұғына еніп жатыр. Дала зонасының табиғи жағдайлар кешені бедердің көптеген мезо және микрофлораларымен ерекшеленеді [2, Б137].

Көкшетау өңірі жер бедері пішіндерінің әркелкілігімен сипатталады. Жер бедерінің типтері мен пішіндерінің әркелкілігі орографиялық терминдердің да мейлінше бай болуына алғышарт жасады. Аумақтың табиғи жағдайлары көшпелі мал шаруашылығына қолайлы болған. Оны ұйымдастырудың өзі жер бедерін жақсы ажыратып, бір орнынан екінші орынға көшу барысында ерекше бедер пішіндерін бағдарлаушы нүктелер ретінде тандап алуға негіз болды. Осы аталған факторлар әсерінен Көкшетау өңірінің оронимиясы күшті жіктелген,

метафораларға бай, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйе ретінде қалыптасты деуге болады.

Қазақ оронимдері тілдік ғылымдар тұрғысынан арнайы зерттелген. Орографиялық терминдерге географ-ғалымдар Е. Керімбаев, Т. Жанұзақ, Ғ. Қоңқашбаев, Г. Ц. Медоев, Э.М.Мурзаев, С.Абдрахманов, Б.Бияров, А.С. Бейсенова, К.Д. Каймулдинова, Қ. Т. Сапаров т.б ғалымдардың еңбектерінде көрнекті орын берілген [3, Б32].


Басқа да табиғи географиялық нысандардың атаулары сияқты, оронимдердің көпшілігі көне болып келеді. Оронимдер салыстырмалы түрде тұрақты сипаты олардың географиялық ақпарат көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді: бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды рөл атқарады. Осы мәселеге байланысты орографиялық элементтерге ат қоюдың өзіндік диалектологиялық, аумақтық ерекшеліктері бар екенін аңғаруға болады.

Қазақ халқының географиялық терминологиясы аса бай болуымен ерекшеленеді. Бұл жүйенің қалыптасу тарихы халықтың тарихымен, мал шаруашылығын ұйымдастыру сипатымен, табиғат жағдайларымен, қазақ тілінің құрылымымен тығыз байланысты болғандықтан, оны жеке дара құбылыс ретінде қарастыру мүмкін емес.

Халықтық географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызын белгілі географ, топонимист Э.М.Мурзаев былайша түйіндейді: «Терминдер – топонимиканың негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет және қазіргі, сол сияқты түбірлі (субстратты) жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет». Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, қазақтың жер-су аттарын зерттеу, олардың мағыналық жүктемесін ажырату ісін халықтық және жергілікті географиялық терминологияның кейбір ерекшеліктерін талдауға болады.

Географиялық ортадағы табиғат жағдайларын нақты бейнелеуге топонимдер құрамында болатын халықтық және жергілікті географиялық терминдер себепші болады. Топонимика ғылымында индикатор-терминдер деп аталатын мұндай сөздер тобы физикалық географияның нысандарының типін, ландшафтық-белдемдік ерекшеліктерін, морфологиялық сипатын, шығу тегін сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарында жергілікті жердің ландшафтық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталған [4, Б17].

Көкшетау өңірінің географиялық атауларының мағыналық жүктемесі мал шаруашылығына қажетті білімді шоғырландырумен ерекшеленеді. Басқа өңірлердің топонимиялық жүйесінде сирек кездесетін құбылыс ретінде қазақ оронимиясында фитонимдердің, жер аттарында оронимдік терминдердің жиі кездесуін айтуға болады. Дәстүрлі мал шаруашылығының ығыстырылуы өз кезегінде кейбір терминдер мен атаулардың ұмытылып, тек топонимдерде ғана сақталып қалуына себепші болды. Кейбір географиялық терминдердің таралу ареалы шектеулі болғандықтан, жергілікті материалдарды кеңінен қолдану нәтижесінде ғана топонимдердің мағынасын анықтауға болады. Ал қазақ географиялық терминологиясындағы көшпенділік терминологиясы болып табылатын метафоралардың байлығы халықтың табиғатты танып, оның ерекшеліктерін атауларға дәл бейнелеуінен хабар береді (сурет 1).



Сурет 1 –Көкше өңірінің таулары

Бұл географиялық нысандардың атаулары мен ұлттық географиялық терминологияда өз көрінісін табады. Мал шаруашылығы қазақтардың шаруашылығының байырғы дәстүрлі типі болғандықтан, облыс топонимиясының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Облыс территориясындағы бедер формалары мен типтерінің барлық ерекшеліктерін топонимдерден табуға болады. Бедер нысандары немесе орографиялық нысандар – бұл таулар, шоқылар, сайлар, қыраттар және т.б.

Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді, бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болды. Бұл ретте оронимдердің пайда болу себебі – ғасырлар бойы дала әлемін мекен еткен көшпенділердің сол далада ықтасын іздеп, босқа көше бермегенінің, өздерінің табиғат туралы ұғым-түсінігін шындап, сол табиғатты рухани әлеміне айналдыра білгеннің айғағы.

Ертедегі адамдар жер бедерінің жаратылысын түсіне алмаса да, әр түрлі ландшафттарды шаруашылық мақсатта орынды пайдалана білген. Осындай тереңнен тартылған факторлардың сабақтастығына назар аударып, өңірдің оронимиясы табиғат, бітім-жаратылыс заңдылықтарымен күшті жіктелген жүйе деуімізге болады.

Аумақта орографиялық нысандардың шамамен 600 ден астам жуық атауы бар. Оронимдерде ең жиі кездесетін термин – тау. Бұл термин қысқармай, атаулар құрамында тұтас сақталады. Тау аттарына жер бедерінің пішіні, биіктігі, оны құрайтын тау жыныстарының түсі, органикалық дүниесі, пайдалы қазбалары, климаттық көрсеткіштері анықтауыш сөздер ретінде терминге қосарланады. Желтау (Зеренді ауд.) – климаты бойынша «басында үнемі жел соғып тұратын, самалды, желді тау» мәнін береді.

Қазақ тіліндегі тас терминінің негізгі мағынасы басқа түркі тілдеріндегі сияқты, «қатты жыныс» дегенді білдіреді. Көкшетау өңірінде тас терминімен байланысты оронимдер жиі кездеседі. Зерттеушілер терминдерге қарап, тау жыныстарының құрамын білуге болатынын атап көрсетеді. Мысалы, қазақтардың порфириттер мен олардың туфтарынан құралған тік шыңды «шоқы» немесе «тас» деп атайтындығы белгілі. Олай болса, көптеген оқшау шыңдардың Тастау, Тастөбе деп аталуы түп жыныстардан құралатындығын көрсетеді. Домбыралы тауының солтүстік-батысында, Ақкөл ауданында орналасқан Тастөбе шоқысын айтатын болсақ, бұл төбе тас жынысының үйіліп қалуынан пайда болып, оны «тасты төбе» деп атай келіп, қысқарған түрде Тастөбе деп аталып кеткен.

Тас, төбе терминдерінің қатысымен жасалған оронимдерге тоқталсақ, оларға: Аралтөбе (Зеренді ауданындағы тау, «кең жазық, ен далада әр жерде арал тәрізді жатқан

төбе, шоқылар» мәніндегі атау); Көктөбе (Еңбекшілер мен Уәлиханов аудандарының шекарасындағы төбе, атаудың мағынасы: «таудың, төбенің тасы немесе өсімдігі көк екеніне» байланысты қойылған атау); Қыздың төбесі (Ақкөл ауданындағы тау, «қыз мекендеген тау» деген мағынаны білдіреді); Ақтөбе (Домбыралы тауының шығысында, Ақкөл ауданындағы тау, «ағарған шоқы, ақ түсті жыныстардан құралған жота» мағынасында); және т.с.с. оронимдер жатады.

Көпшілік оронимдердің құрамына бедердің ұлттық географиялық терминдері: төбе, тас, шоқы, оба, тау, адыр, жал, шұңқыр, өзек, қуыс, бас, жар, сай кіреді. Көкшетау өңірінің түске байланысты оронимдерінің таралуын мына кестеден көруге болады (кесте 1).

Кесте1-Көкшетау өңірінде кездесетін түске байланысты оронимдер топтамасы

Р/с	Түсті білдіретін онимдер	Оронимдер
	Ақ, ала	Ақтөбе, Ақтас, Ақтүйесай
	Қоңыр	Қоңыршоқы
	Қызыл	Қызылтас, Қызылоба,
	Сары	Сарыадыр, Сарытау, Сарытөбе, Сарыалқа, Сарыжота.
	Қара	Шорқара, Қарасерек, Қарабие, Қарасай, Қарасерек
	Көк	Көкшетау, Синюха, Көкбиесай

Қазақ халқының рухани мәдениетінде де тау бейнесі өзіндік эстетикалық маңызға ие болған. Бұл дәстүр халқымызда әкені биік тауға теңеп, «асқартау» деп атап, ал жас балаға тілек білдіргенде «таудай бол» деуден де көрінеді. Қазақ халқында тауға табынудың құрылымдық-семантикалық дамуында мынадай ерекшеліктер бар:

-антропоморфизация, яғни тауды тірі адам ретінде түсіну: башқұрттар Орал тауын батыр ретінде түсінген, ал алтайлықтардаң аңыздарында бірнеше батыр Алтайдың жеке бөліктерін құрайтын тауларға айналған. Қазақ халқында таудың жеке бөліктерін адамның дене мүшелеріне ұқсату басым болады. Бұл оронияда бас, мойын, төс, бауыр, бүйрек, қойын, қарын, аяқ, табан метафоралық лексемаларының қатысуымен жүзеге асқан.

-реантропоморфизация, яғни адам тауға айналады деген түсінік:

адамның тасқа айналғандығы туралы аңыздар көп. Мұндай атауларға Бурабай өңіріндегі аты аңызға айналған Жекебатыр (тау, Бурабай) жатады. Бұл атаулардың этимологиясына қатысты халық аузында түрлі аңыз әңгімелер осы күнге дейін сақталған. [5, Б28].

Оқжетпес тауы және Жұмбақтас туралы көптеген аңыз – әңгімелер кездеседі. Жарық дүниенің көзін көріп, Бурабайда ертеректе Оқжетпес деген батыр өмір сүрген. Бала кезінен ақылы мен күшінің зорлығымен айналасына танылған. Күн санап емес, сағат санап өсіп, он жасында бойының ұзын болып өскендігі сонша, өзінің қатар құрдастарының көкке атқан жебесі кеудесіне де жетпейді. Кейін ол батырды жұрттар Оқжетпес деп атап кетеді. Тірі кезінде аңызға айналып, марапат алады. Бойы соншалықты ұзын болғанмен, күші де сондай жойқын еді. Қанша жерден атқа да, есекке де, түйеге де мінсе өзін мен қару жарағын көтере алмайтын. Ол алып пілге мініп жүретін.

Жау атаулы жаулар бейбіт халыққа құдды аш қасқырлардай үйір үйірімен қанталап, маза бермейтін. Оқжетпес олармен теріскей шекарада шайқасып, жауларды әр кезде жеңіп, қуып тастап отыратын. Кезекті шапқыншылық кезде жаулардың көп болғандығы сонша, тіпті санау мүмкін емес еді. Бірнеше күн тынымсыз айқасса да, жау сарбаздарының қатары азаймады, қайта көбейе берді. Мерт болған сарбаздардың екеу, үшеудің орнына төртеулеп, бесеулеп пайда болып жатты. Жерден өніп өсіп жатқандай болды. Қайткенменде Оқжетпес жауды түгін қалдырмай талқандарын шығарды. Олар аяушылық етуді сұрап, қашып жөнелді. Әбден шаршаған Оқжетпес, қанша күн ұйықтамаса да, шаршаса да, соңынан қуалап

ұстамады да. Аспан күркіреткен зор дауысымен жаудың соңынан бірнеше рет айғайлап жіберіп, демалып жатты.

Күміс көлдің жағасына отырып, киім сауыттарын шешіп, толқындарға қарап жайғасып отырды. Шипалы суға түсіп, жарақаттарын емдейтін осы көлдің маңайында батырлар.

Бірнеше күн өткен соң жаулар Оқжетпеспен қайтадан шайқасқа түсті. Олар айла тауып шайқасты. Өздерінің жансыздарын жіберіп, алпамсадай Оқжетпесті аңдытып қойды. Тау етегінде ұйықтап жатқаны туралы жауларға хабар келді. Жау сарбаздары ұйықтап жатқан жерге барып, арқанмен байламақшы болып, сол кезде оянып кетіп қолында қаруы болмағанмен, жерден қарағай, қайыңдарды тамырларымен жұлып, жауды ағаштармен ұрып, жайратып жатты. Жаулар бұрынғысынан 5 есе көп еді. Олар қырылғанына қарамастан үсті үстіне шабуылдай берді. Оқжетпес өзінің ажалын сезіп, өйткені ол таусылмас жау мен толастамас шайқастардан шаршаған еді. Аяғы тасқа сүрінген ол, жерге құлап, жаулар құмырсқадай жабылып, аяқтарын кезекпен кезек жіппен байлай берді. Ол бар таусымен аспанға қарай айғайлап: «Уа, Құдіретті Көк Тәңірі, мені жауларыма қор ете көрме! Өлгенше, жаулардан есемді жібергенше, қарабет болғанымша, ұят! Одан да мені тасқа айналдырсаңшы!» деп айғай салды. Күн күркіреп, лезде жаңбыр жауып, оны шыңға айналдырып жіберді.

Әуликөлдің (Бурабай көлі) сол жақ жағалауында, Көшетау және Теміртау сілемдерінің ортасында шығанақ орналасқан. Шығанақтың дәл ортасында - желге мүжілген гранит қабаттарының үймесінен тұратын тас арал. Бұл тас – **Жұмбақтас**. Адамның қиялына байланысты, Жұмбақтас әр түрлі кейіпке енеді. Егер Бурабайдан Абылай хан алаңына қарай, қайық стансасының жанынан жүріп келе жатсаңыз, шашы желбіреген жас сұлу қызға ұқсайды, әрі қарай баяу жүре берсеңіз, әдемі қыз бейнесі кәрі кемпірге ұқсай береді, ал Оқжетпес шипажайы жағынан қарасаңыз, Сфинкстің бейнесін көруге болады. Жұмбақтас – Бурабайдағы ең танымал көрнекті орындардың бірі. Аңыздарға сүйенетін болсаз, Оқжетпес тауынан шығанаққа құлаған тұтқын қыз осы тасқа айналыпты-мыс. Көкшетау таулары үстіндегі аспан көкпеңбек нұрлы, ауасы тұнық мөлдір болғандықтан да **«Көкше тау»** деп аталады. Осы таулардың арасында ертеректе бір бай әрі би қоныстанған екен. Ол бай бимен бірге бір еркін де тәккаппар ақбас бура мекен еткен. Ол бураның әсемдік түрі, биік тұрпаты, қалың жүннің ақтығы көрген адамды қызықтырмай қоймайды. Талайлардың қолына түсіп үлгеріп те шыққан Бура, сытылып қашып құтылып кете беретін болған. Бура жалғыз жүріп, жалғыз тұрып, ешкімге басын имей үйреніп кетеді. Ол суды тек тазалығы мен мөлдірлігі үшін *Күміскөл* атап кеткен бір ғана көлден ішеді. Күн сайын келіп, тал түсте су ішуге келіп, келетін соқпағы да біреу болатын.

Бура қасиетті еді. Жау қосындарының жақындағанын күні бұрын сезіп, боздаған жылаған дауысымен халыққа төнген қауіп жайлы хабар беретін. Бура ханның ауру сырқатын ерте біліп, ерекше тынышсызданып, күңірене боздап, беймаза болатын. Үрейлі күндердің алдында ақ бура толассыз, тоқтаусыз ақыратын. Ақырғанын естігендер, төңіректегі адамдар мен далалардың халқы асығыс жиналып, жау шапқыншылығын қайтару үшін жасақтар құрып, бірігетін. Ақ бураға құдайдай табынып, пәле жаладан қорғау үшін Тәңір жіберген әулие жануар деп санап жүрді. Жылдар өтіп, адамдар арасынан залым пайда болып, өзі сияқты басбұзар, сұмдардан құралған топ құрып, кедейлерді тонап, аң құс, адамдар деп қарамай қырғынға ұшыратты. Олар жануарлар мен адамдарға, жабайы аңдар мен құстарды қырып жойды. Адамдарға таяп жақындап келгенде бура ақырып хабар жеткізетін. Қарақшылардың жолдары болмай, Аңдар қаскөй жауыздардан құтылды. Бура, ерекше қасиетін біле тұра, Аңдар ғана құтылды. Хабар беретін кезін біліп алып, өлтірмекші болды. Күндердің күнінде қалың орманда келе жатып, аңшылардың қолына түседі. Бір қарақшы ұзын жебесімен бураны атып, бураның кеудесін көздеп, садағымен атып жібереді. Жебенің оғы киелі жануардың көкірегін өтіп, өркешін тесіп шығады. Аузынан қан кетіп, тұяқтарымен тапап тасламақшы болып, өзін зәбірлеуші, тапап тастамақшы болып, ақыра боздап, атын қамшылап қашып кетеді. Жарақат алған бура, кері бұрылып, өзі туып өскен, көлдің жағасына

келді. Жан тәсілім етер алдында басын қағба жаққа қаратып, көзін жұмады. Бура қос өркешті ақ тауға айналып, тұрып қалады. Биіктігі 690м. Өркешінен әлі күнге дейін жануарды көктеп тікен, сорайып шығып тұр. Ақ бура мекен еткен жер. ауыл, мейірін қандыра сусындаған күміс көлде Бурабай деп аталып кеткен.

Сонымен, қазақтың дәстүрлі топонимиясында таумен байланысты атаулар нақты табиғи жағдайларды қабылдаудың мифологиялық, сакралды ұғымдармен астасып жатуы арқылы сипатталатын күрделі топонимиялық құрылым болып табылады. Қазақ халқының орографиялық терминологиясының өте жіктелген, дамыған сипат алуын халықтың таулы аудандарды ежелден игерумен де түсіндіруге болады.

Қазақстан аумағында оронимдер құрамында тау топоформанты жиі кездеседі. Бұл терминнің көне формасы тағ, тақ Қазақстанда ғана емес, жалпы Орта Азияда көптеген оронимдер құрамында сақталып қалған.

Қазіргі кезде Қазақстандағы таулы өңірлердің топонимиясында тау термині топоним құраушы басты элементтің бірі болып табылады. Бұл термин аласа таулы өңірлердің ең биік бөліктерін, орта және биік та жүйелерін және оның жеке бөліктерін, оқшау массивтерді, тіпті көбінесе постпозицияда тұрады және көбінесе тау пішінін, биіктігін, жыныстарының түсін, ондағы өсімдік, жануарлар дүниесін білдіретін сөздермен қосарланып келеді.

Біздің зерттеулерімізде Көкшетау өңірінің оронимдер жүйесі анықталды.

Табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су атауларында ландшафттардың құрамдас бөліктерін (литология, жер бедері, климат, су көздері, топырақ, өсімдік және жануарлар дүниесі) ұштастыратын біртұтас жүйесінің ерекшеліктері топонимдерде бейнеленіп, нақты көрініс тапты.

Көкшетау өңірінің оротерминдер (оронимдер) мен өзге де географиялық атаулардың нақты геоэкологиялық тұрғыдан қалыптасып, ақпарат жүктемесін атқаратыны анықталды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы: оқулық-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2013.-328 б.
2. Керимбаев Е.А. Лексика-семантическая типология оронимии Казахстана. Автореф. дисс. канд. филол. наук.-Алматы-Ата, 1988.-24
3. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикасы. Алматы: Эверо, 2014.-352 б.
4. Каймулдинова К.Д. Топонимика: оқулық. – Алматы: ЖШС «Дәуір». 2011. – 336 б
5. Каймулдинова К.Д. қазақстандағы физикалық-географиялық нысандардың номинациялануының ғылыми негіздері: геогр. ғыл. докт... автореф. – Алматы, 2010. – 32 б.
6. <https://www.google.ru/aGWUYVsEVufw5M%3A>

ӘОЖ 556

СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзағұл Айнұр Русланқызы

ainur.myrzaqul@mai.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің
география мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Мұсабаева

Сырдария – Орталық Азиядағы ірі өзендердің бірі. Бастауын Орталық Тянь-Шань сілемдерінен алады. Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылған жерінен бастап Сырдария деп аталады. Арал теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2219 км, су жинайтын алабы 462 мың км кв. Орта және төменгі ағысы Қазақстан жерінде; республикадағы ұзындығы 1400 км, су жиналатын алабы 240 мың км кв. Өзен бастауын тау деңгейінен жоғары 3300 — 4400 м